

Барлық ескертпелер мен формулярларды виза бөлімдерінен, дипломатиялық өкілдіктердің веб-сайтынан, сонымен қатар, виза орталықтардан тегің алуға болады

Визаға өтініш беру жөніндегі жалпылама ақпарат

Сізден бару мақсатына байланысты қосымша ескертпелерімізге назар аударуыңызды сұраймыз

Визаға өтінішті қайда тапсыруға болады

Визаға өтініштеріңізді өзіңіздің тұратын (оқитын, жұмыс істейтін) жеріңізге тиісті дипломатиялық өкілдігіне тапсырасыз.

Астана қаласындағы Елшілігінің қамту аймағы:	Алматы қаласындағы Бас консулдығының қамту аймағы:
Астана қаласы Қарағанды облысы Ұлытау облысы (Жезқазған) Абай облысы (Семей) Шығыс Қазақстан облысы (Өскемен), Павлодар облысы Солтүстік Қазақстан облысы (Петропавл) Ақмола облысы (Көкшетау) Қостанай облысы	Алматы қаласы Шымкент қаласы Алматы облысы (Қонаев) Жетісу облысы (Талдықорған) Жамбыл облысы (Тараз) Түркістан облысы Қызылорда облысы Ақтөбе облысы Маңғыстау облысы (Ақтау) Атырау облысы Батыс Қазақстан облысы (Орал)

Өтінішті қабылдау

Дипломатиялық өкілдіктер визаға құжаттарыңызды тек "Визаметрик" сервистік компаниясымен (делдалдық фирма) бірігіп қабылдайды. Бұл жөнінде нақты ақпаратты, яғни Визаметрик компаниясының виза орталықтарының өтініш қабылдау жөніндегі жұмыс тәртібін мынадан білесіздер: <https://www.visametric.com/Kazakhstan/Germany/ru>

Виза орталықтың жедел желі: +7 (7172) 62 02 03

Шетелдік өкілдіктің бақылауымен Қазақстанда Визаметрик компаниясының екі виза орталықтары жұмыс істейді. Олардың қызметі виза орталығына кезекке ұзақ тұрмай-ақ аз мерзімде визаға құжаттарды тапсыруға мүмкіндік береді; төленетін сервистік алым 26,54 еуро (теңгемен алынады). Сондай-ақ Визаметрик басқа да қызмет түрлерін ұсынады (мысалы, биометриялық фотосуретке түсіру, VIP-қызмет көрсету, және т.б.)

Өтінішіңізді тұрақты тұратын жеріңіздегі қабылдау орталығына тапсыруыңыз керек.

Өтініш беру кезінде Визаметрик сервистік компаниясы Сізге Елшілік пен Бас консулдың нұсқауларына орай құжаттарыңызды жинастыру үшін қажетті кеңес беруге тиісті. **Визаметрик Сіздің өтінішіңіз бойынша жеке шешім шығара алмайды және оның шешіміне ықпал етпейді. Германияның шетелдік дипломатиялық өкілдіктері тек қана Визаметрик компаниясымен бірлесіп жұмыс жасайды.**

Өтініш беруді жоспарланған сапарыңызға 6 ай қалғанда немесе сапарға шығуға ең кем дегенде 15 күн қалғаннан кешіктірмеңіз.

Өтінішті беру

Негізінде, өтінішті өзіңіз бересіз. Егер Сіз кейінгі 59 ай ішінде саусақ іздеріңізді Шенген келісімге кірген мемлекеттердің қандай да бір дипломатиялық өкілдігіне өткізген болсаңыз, онда өтінішті бергенде

Сіздің қатысуыңыздың қажеті жоқ. Виза ашуға өтінішті Сіздің сенімді тұлғаңыз да бере алады. Тек оның нотариалдық түрде расталған Сіз берген сенімхаты болуы керек және оған қоса Сізді куәландыратын жеке құжатыңыздың түпнұсқасы мен көшірмесі болуы керек. Қажет болып қалған жағдайда ғана өтінішті қарау барысында Сізді дипломатиялық өкілдікке жеке сұхбатқа шақыруы мүмкін.

Саусақ іздерін тапсырғаннан кейін 59 ай өткен соң бұл деректер визалық ақпараттың жүйеден (VIS) өшіріледі, осыған байланысты Сіздің жеке қатысуыңыз туралы қажеттілік туындайды.

Консулдық алым

Консулдық алым Қазақстан Республикасының азаматтары үшін:
6 жасқа дейінгі балалар алымнан босатылады,
6-12 жас аралығындағы балаларға - 45 евро,
12 жастан бастап визаға өтінушілерге - 90 евро құрайды.

Консулдық алым тек қана теңгемен дипломатиялық өкілдіктердің өзекті айырбас бағамына сәйкес төленеді. Өтініш виза орталығына тапсырылған кезде консулдық алымды Визаметрик сервистік компаниясы алады. Егер визаға өтініш қабыл алынбаса, төленген ақша қайтарылмайды.

Өтінішті қарау мерзімі

Виза Кодекстің нұсқауына орай визалар ашуға түскен өтініштер бойынша шешім 15 күнтізбелік күн ішінде қабылдануы керек. Жекелеген жағдайларға байланысты бұл уақыт ұзартылуы мүмкін. Өңдеу статус туралы әрқашан Визаметрик веб-сайтынан біле аласыз.

Төлқұжатыңыз дайын болған кезде немесе Сіздің ісіңіз бойынша қосымша құжаттар тапсыру қажет болған жағдайда, ол туралы Сізге Виза орталығы хабар береді.

Дипломатиялық өкілдіктерден тыс Сізге ешкім қаралып жатқан іс жөнінде анықтамалық хабарлар бермейді.

Өте маңызды: сатып алынған билет Сіздің өтінішіңіздің жедел түрде шешілуіне негіз бола алмайды. Сондықтан, Елшілік Сізден виза берілген төлқұжатын қолыңызға алмай тұрып, авиабилеттерді алдын-ала сатып алмауыңызды сұрайды.

Төлқұжаттар беру

Өтінішіңізді өңдеуді аяқтағаннан кейін Елшілік немесе Бас консулдық төлқұжатыңызды Визаметрик компаниясына жібереді. Содан кейін Визаметрик Сіздің төлқұжатыңызды беруге дайын екендігі туралы хабарлайды: <https://www.visametric.com/Kazakhstan/Germany/ru>.

Төлқұжатты алғаннан кейін визаның дұрыс толтырылғанын тексеріп, мүмкін болатын қате туралы дипломатиялық өкілдікке немесе Визаметрик-ке дереу хабарлаңыз.

Сіздің визаңыздың күшінің ұзақтығы мен территориясы

Негізінде, Сіз дипломатиялық өкілдіктен Шенген визасын аласыз, ол Шенген келісіміне¹ кіретін барлық елдерге бірдей қолданысқа ие. **Алайда, Германия Сіздің баруыңыздың басты мақсаты болып есептелінуі керек.** Баратын елдің шекара бақылаушы органдары шекарадан өтуге тиісті шарттардың орындалуын тексеруге құқықтары бар. Сондықтан, Сізде өзіңізбен бірге ол елге барудағы мақсатыңызды куәландыратын құжаттардың бәрі болу керектігін естеріңізге саламыз және ол жақтағы шығындарыңызды өтейтін жеткілікті қаражаттарыңыз болу керек.

Сонымен қатар, Сіздерден өтінеміз: Назарларыңызды мына ескертпеге аударыңыздар, онда Шенген визасы бар барлық адамдарға 15 күн қосымша уақыт туралы ақпаратпен мұқият танысуларыңызды өтінеміз. Осындай ақпараты бар ескертпені біздің сайттан, дипломатиялық өкілдіктерден және Визаметрик виза орталықтарынан таба аласыздар.

¹ Австрия, Бельгия, Болгария, Венгрия, Германия, Греция, Дания, Исландия, Испания, Италия, Латвия, Литва, Лихтенштейн, Люксембург, Мальта, Нидерланды, Норвегия, Польша, Португалия, Румыния, Словакия, Словения, Финляндия, Франция, Хорватия, Чехия, Швейцария, Швеция, Эстония